

## 11-рухани әндердің тексти

Иса, Сен – Тәңірсің, Шексіз ризамын мен. Рухым, жаным, тәнім, Саған ашылсын кең!

Қ-сы: Иса –Патша, Иса –Құдай, Қиналдың құрбан боп мен үшін. Саған, Патша, Саған, Құдай, Мадақ, киелі күшің!

Аспанда таңғы жұлдыз туған кезде, нұрынан жердің жүзі арайланды. Шығыста данышпандар атқа қонып, көз тігіп кең дүние қарай қалды.

Қ-сы: О Ғажап, дүниеге сәби келді! О,Ғажап, бұл әлемге өмір келді! Иіліп данышпандар тағзым етіп, алдында Нәрестенің сәлем берді.

2. Қуаныш жер жүзіне таратылды - Бетлехем шаһарында бала туды. Дәуіттің Ұрпағынан Исраилде: Келді,- деп,- Құтқарушым, - дала тұрды.

3. Таңданды бүкіл әлем қайран қалып, әндетті періштелер сайран салып. Еркексіз таза қыздан туған сәби, түбінде жай ғана адам болмасы анық.

Бұралаң тар жолмен аттанып барамын. Жеңемін, мәңгі өмір сүремін. Жүрегім жай тапты, жарқырап жанарым, Себебі мен Құдайға сенемін.

2.Ақ пенен қараны айыра білемін, Жаныма не керегін сеземін. Неліктен жаралдым, оны да білемін, Себебі мен Құдайға сенемін.

3.Алысып шындықпен, күресіп күнә тұр, Зұлым рух жайлады жалғанды.

Ал мені шақырып жұмақта мұра тұр, Себебі мен Құдайға сенемін.

4.Келсе де қайғы-мұң, ысырып тастаймын, Артамын жүгімді Тәңірге. Өзімді сүйетін Құдай бар, саспаймын, Жеткізер Ол мәңгілік өмірге.

5.Зұлымдық жеңіліп, жүрегім қуанды, Әкеге барар жолмен келемін. Жүрегім жайланып, жаным да уанды, Себебі мен Құдайға сенемін.

Жұлдыздар түнереді, Астан-кестен боп көк аспан. Күшті әлінен айырылып, Тағына Оның бас иер жан адасқан.

2. Ол келеді жарқырап Күндей, Нұрландырып айналаны. Біреуге гүл тәжін сыйлап, марапат қылар, Ал біреуден теріс айналады...

3. Көз жасы көл боп жылайды сонда, Өткенін еске алып ойланады. Неліктен, Тәңір, маған Сен қаталсың, Неліктен теріс менен айналасың?

4. Тәңір былай дер: -Есіңе түсірші. Саған қанша қағып ем есікті... Білсең, сен сонда теріс бет бұрдың, Көңілімді қайтарғаннан не шықты?..

5. Қашан қақтың дерсің-ау, Сен бәлкім, Тәңірім, естімей мен қалдым ба? Айтшы, шынымен де мұқтаж кезіңде, Қолымды созбай, тым суық болдым ба?

6. Жетім бала боп жолықтым Саған, Жаным күйзеліп, тілім нан сұрағам. Бірақ та мән бермей қойдың, мен сонда, Тырналып жарам, қансырадым.

7. Сұртіп жасымды, қол созған жандарға, Құн жетпейтін сыйлық тартамын. Сенім артқан қайрымды адамдардың, Күнәларын мойныма артамын.

8. Кіреді олар Құдай үйіне, Жұмақтың нақ төріне жиналар. Ал өзгелер күнәларын мәңгілік өтеп, Өшпес тозақ отында қиналар.

9. Күллі жұлдыз түнереді, Астан-кестең боп көк аспан. Күшті әлінен айырылып, Тағына Оның бас иер жан адасқан.

10. Ол келеді жарқырап Күндей, Нұрландырып айналаны. Біреуге гүл тәжін сыйлап, марапат қылар, Ал біреуден теріс айналады.

- Бетлехем деген елдің шығысынан, Жарық жұлдыз малшыларға көрініпті. Сол жерде туылды Иса Мәсіх, Көктен жерге періште әні төгілді.
2. Сәби жатыр анасының құшағында, Ал Мариям үнсіз егіліп бір жылады. Кішкентай Сәби жатыр тәтті ұйқыда, Алдыда Оны қиындықтар күтеді.
  3. Ұйықтауда Нәресте сені не күтіп тұр, Анасының киелі ақ сүтінен еміп. Құтқаруға келіп күнелардан елді, Қайғыға батарсың халықтан жәбір көріп.
  4. Елінде бейбітшілік пен тыныштықтың, Нұрланып бой көтерер Сенің мекенің О,Иса, күтеді Сені мол азаптар, Батады патшаларға Құдай екенің.
  5. Өзіңді танытып, бар шындықты айтсаң, Кейбіреулер тәубеге келер шыныменен. Біреулер бас тартып айқышыңнан қашар, Түсінген табысады Құдай Ұлыменен.
  6. Не күтіп тұр Иса Өзіңді алдыда, Құрбан болып білегіңді түріп едің. Өзіңе сиынып біз сеніп күтеміз, Біз үшін Сен өліп қайта тірі едің.
  9. Содан соң қуанышта да, қайғылар да, Құдай Ұлы деп қастерледі Өзіңді. Содан соң Сенен асқан Тәңір, Халық мойындады киелі сөзіңді.
  10. Нұры ай-күннен де жап жарық, сәулелі, Болған Нәресте екен Құтқарушы. Ол бізге көрсетті адаспайтын жолды, Қайырымды, рақымды Жан жұрт танушы.

Құдайды ізде, сарылып ізде, Кешікпей, досым, сағынып ізде. Күні-түні кезіп даланы, Өкеңе сеніп, табынып ізде.

Қ-сы: Іздеген табар, Құдайды ізде, Жол болып бәлкім, жолығар сізге.

2. Сөз болып Тәңір жерге келеді, Сенімің болса, бойға енеді. Оған жүгіну тым қиын емес, «Кеш қалма» деген ойға келеді.

3. Жүректі қақса, ашқын есігін, Құрметте әркез Тәңір есімін. Шөлдегі судай Құдайды аңса, Табарсың сонда өмір шешуін.

Мұңға батсам жүрегім мұздап, Ол қасымда бір бола ма? Күйбең тірлігім бастан асса да, Құшақ жайып қарсы ала ма?

Қ-сы: Мәсіх бізбен мәңгі бірге! Ол мықты, берік ірге!

2. Алдым соқпақ, артым болса, Ол қасымда бір бола ма? Сөніп жарық күн, қараңғы болса, Нұр бере ме кең далама?

3. Сапар шексем қайтып келмеске, Ол қасымда бір бола ма? Беріп сый-тарту, құрмет көрсетіп, Мәңгі досым боп қала ма?

Тәңір Өзі көктен түсіп, жер бетіне келеді. Құдай Рухын жіберіп, таза қызға енеді.

Пайғамбарлар Жазбамен, бізге айтып береді, Осы Сәби күнәдан, құтқарады әлемді.

Қ-сы: Эммануил – Құдай бізбен бірге, Егер Ол бірге болса, Кім қарсы болады, Құдай бізбен бірге – Эммануил. Жүректе өлім қорқынышы болса, Тәңір аспаннан келді. Кім түнекте жолдан адасса, Құтқарушыны берді.

2. Құдай не істегенін, естісін барлық халық. Түнектегі ел үшін, келді Исамен жарық.

Күндегі қиындықтар, құлата алмас енді, Мәсіхпен бір болғандар, қиындықты жеңеді.

Мәсігім, рақымыңды маған, Қалай айтпай тұра алам. Өзіңді біл деп құқық бердің, Жүр едім жолменен бұралаң.

Қ-сы: Тастамашы мені, өтінемін Сенен, Өзіңменен бірге болсам деп ем. Қолыңды бер маған,

мәңгілікке жеткіз, Құдіретіңе анық сенем.

2. Тәңірді елдер аңыз дейді, Қиналса жан іздейді. Мен үшін Мәсіх – Құтқарушы, Қайғы емес, Ол бақ іздейді.

3. Құтқарушым, жарылқа Өзің, Егілсін жүрекке сөзің. Махаббат, мейірім бер бізге, Тарту етші тозбас төзім.

Кезектен жылдар аттанып, Өтуде күн асығып, Аптығамыз тірлік қамымен, Жаратқанға бас ұрып. Ал жылдар зулап, Қалдырады тек ізін, Санаңда, санаңда сақталар, тағдырың түсін. Ал жылдар зулап, Қалдырады тек ізін, Санаңда, санаңда сақталар, тағдырың түсін.

2. Ақша қарлар жапалақтайды, құстар билеп аспанда, Бой суынып, мұздайды жүрек, даланы ақ қар басқанда. Түсінсең, өткен күн ешқашан қайырылмас, Мәсіхшіге жөн тар жолынан айырылмас.

3. Алда күтер сені жаңа жыл, құпиясы жұмбақ, Қуаныш па, махаббат па, не қайғы тосып тұрмақ. Ол жаңа жыл тек бақыт әкелсін, Құдайым қолдап әр кез, Иса азаттық әперсін.

Марал мөлдір суды қалай аңсаса, Менің жаным да, Сені іздеп шөліркейді, Тәңір.

Сені аңсайды.

Қ-сы: Құдайым, Сен қорғанышым, Бар үмітім менің, бар күшім, Жанымды да, өмірімді де Өзіңе мен арнадым.

2. Күндіз-түні рақым жасаған, Тәңірімді жырлаймын. Өмір берген Құдай Әкеме

/ Келемін Саған, Жаратушым. Сенің шексіз махаббатың таусылмайды рахымың / 2р.

Қ-сы: / Ұлысың Сен. Сен ғажайып Ұлысың. Сенен артық бір күш жоқ. Саған ешкім тең келмес / 2р.

2. / Келемін Саған аңсап Сені. Жүрегімді жадыратшы мәңгілікке жасашы / 2р.

Қамқоршым да, сырласым да, қолдаушым Өзің, Сүрінуге шақ қалғанда бересің төзім. Менің жалғыз сүйенерім тірегім Өзің, Маған жол бастайсың, жалғыз тастамайсың, қамқор жан Әкешім. Сенсің, тек Сенсің Тәңір бір Саған сиынамын, Саған ұмтыламын, өмірлік серігім болшы, Өзің.

2. Қатыгез зұлым дүниеге нұр болсам деймін, Көмектесші әзәзілдің соңынан ермейін. Қателесем білемін мін тақпай түзесің, Мені кешіресің, жанымды білесің жақын сырласатын Досым, Тек Сенсің Тәңір бір Саған сиынамын, Саған ұмтыламын, өмірлік серігім болшы, Өзің.

3. Берші маған нық сеніммен, пәк таза жүрек, Ренжіткенді сүйе алайын жіберші демеп. Бар уайымымды әкелемін алдына Сенің, Өзің жарылқашы, Өзің баталашы, Өзің сақтап жүрші, Өзің қолдашы Тәңір бір Саған сиынамын, Саған ұмтыламын өмірлік серігім болшы, Өзің.

Екі мың жыл бұрындау біздің заманнан. Күнәні өтеп, айқышқа Иса керілді. Құтқарам деп адамды, көгін тастады, Құрбан болды тоқтыдай, пәк қан төгілді.

Қ-сы: Қарашы сен Мәсіхтің мұңды көзіне, Айқышта Ол сен үшін көп қиналған-ды. Жанға медеу болам деп шақырар Иса, Білсең егер өкініп, ұялғанды.

2. Көзіңді аш, Ол сені күнде күтіп жүр, Құр бекерге келген жоқ құрбан боп жерге. Айналаңа қарашы, Мәсіх тұр шақырып, Тәңірімнің мейірін қабыл ал дерге.

3. Тапсырсаңыз жүректі Иса Тәңірге, Әділетті, маңызды өмір сүресіз. Шын жүректен: «кешірші, кешір...» десеңіз, Құтқарылып, жұмаққа сөзсіз кіресіз.

